



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасының  
Парламенті Мажілісінің  
депутаттарына,  
«Ауыл» партиясы  
фракциясының мүшелеріне

2024 жылғы 6 наурыздағы  
№ DC-92 сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің депутаттық сауалдарынызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының (бұдан ері – ЭКК) қолдауымен қайта өңдеу саласын дамыту үшін шикізат базасын құруға қатысты

Оңдеу кәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз ету үшін дайындау үйымдары қажет екені белгілі. Алайда, дайындау орталықтарын құру және дамыту үшін жеке инвестициялар тарту талап етіледі.

Осыған байланысты, ЭКК қолдауымен қайта өңдеу саласын дамыту үшін шикізат базасын құру мәселесі тиісті тетікті және оның қаржылық қамтамасыз етілуін айқындау тұрғысынан егжей-тегжейлі зерделеуді талап етеді.

Фермерлердің өндірісі көптеген шағын және ұсақ бөлшектерге бөлінгендейдіктен өз өнімдерін тасымалдауға немесе тікелей сатуға қаражаттары жоқ.

Бұл мәселені шешу үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындауды, сақтауды, тасымалдауды және өткізуді жүзеге асыратын дайындаушы үйымдар қажет. Дайындаушы үйымдар шикізатты жеке қосалқы және шаруашылық/фермерлік қожалықтарынан сатып алыш қайта өңдеу кәсіпорындарына жеткізеді.

Шағын және орта ауыл шаруашылық тауар өндірісінің (бұдан ері - АШТӘ) дайындаушы үйыммен ынтымақтастыры АШТӘ-ге бір жағынан өңдеуші кәсіпорындармен және өнімнің басқа да тұтынушылармен, екінші жағынан өндіріс үшін қажетті ресурстарды жеткізуілермен өзара іс-қимылдың экономикалық тиімді жағдайларын жасауға мүмкіндік береді.

**Қызметті реттейтін жеке заң әзірлеуге қатысты**

Бүгінгі таңда ЭКК қызметтің реттейтін «Мемлекеттік мұлік туралы» Заңға, оның ішінде:

- күру мақсаттарын, сондай-ақ ӘКК қызметін реттеу қағидаттарын белгілеу;

- активтерді басқару, жеке бизнеспен серіктестікте жобаларды іске асыру, ҚР аумағында өнірапалық экономикалық байланыстар мен жобаларды дамыту, жобаларды іске асыру үшін инвесторлар іздестіру және тарту жергілікті өнімнің экспортқа бағдарлануы үшін жағдай жасау, сондай-ақ қажетті өндірістік және мамандандырылған инфрақұрылымды күру (*кеңейту*) және қолжетімділігін арттыру функциялары кіретін ӘКК функцияларының толық тізбесін белгілеу;

- ӘКК мүлкін қалыптастыру тәртібін регламенттеу;

- ӘКК-ге жергілікті атқарушы органға қызметі, мүлкінің құрамы туралы, оны қалыптастыру көздері туралы және жұмсау бағыттары туралы, оның ішінде іске асырылып жатқан ӘКК жобалары бойынша жартыжылдық есептер ұсынуына қойылатын талаптарды белгілеу;

ӘКК-нің басқа да, оның ішінде:

- занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға қатысуын;

- жеке кәсіпкерлік субъектілерімен жай серіктестік (бірлескен қызметті жүзеге асыратын) немесе консорциум құруын;

- ӘКК таңдаған жобаларды қаржыландыруға қатысуын көздейтін жеке кәсіпкерлік субъектілерімен өзара іс-қимыл тетіктерін нақтылау бойынша түзетулер өзірленді.

Бұл түзетулер тиісті пысықталғаннан кейін Парламент Мәжілісіне енгізілетін болады.

*Ауылшаруашылығы тауар өндірісін (бұдан әрі – АШТӨ) басымдылықпен қаржыландыруға және ӘКК-нің «айналым схемасы» шеңберінде сауда желілерін қаржыландырудан кетуіне қатысты*

2023 жылдың басынан бастап ӘКК жұмысы қайта форматталды. Мәселен, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Улгілік қағидалар) шеңберінде ауыл шаруашылығы тауар өндірісін форвардтық қаржыландыру бойынша жаңа тәсілдер енгізілді.

Жаңа тәсілдер күзгі және ерте өсетін көкөністерді маусымаралық және бағаның өсуі кезеңінде белгіленген бағамен жеткізу үшін форвардтық шарттың жалпы сомасының 70% аванс бере отырып, фермерлерді алдын ала қаржыландыруды көздейді.

Қаржыландырудың нақты мерзімдерін белгілеумен қатар, халықтың үш айлық қажеттілігінің 50 %-на дейін сатып алу көлемі мен өнімді сату басталғанға дейін өнімді АШТӨ-де сақтау шарттары айқындалды.

Далаға барып, көкөніс өндіру циклінің барлық кезеңдерінде АШТӨ қызметіне мониторинг енгізілді, сондай-ақ өткізу нұктелерін және (немесе) сауда объектілерін көрсете отырып, көкөністерді жеткізу кестесін қалыптастыру көзделген. Бұдан басқа, өндеу кәсіпорындарын форвардтық қаржыландыру шеңберінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының (бұдан әрі - ӘМАТ) (қарақұмық жармасы, күріш, күнбазыс майы, ұн және қант) тізімі кеңейтілді.

Жалпы, бюджет қаражатының 70%-ын АШТӨ мен қайта өндөр кәсіпорындарын қаржыландыруға бағыттау бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

#### *Кооперативті дүкендер мен инвестициялық акцияларга қатысты*

Қазіргі уақытта, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын әлеуметтік осал азаматтардың атаулы көмегінің пайдасына мемлекеттік реттеуді қайта қараша бойынша жұмыс жүргізуде.

Сөз шекті және соңғы бағаны белгілеуден бас тарту туралы болып отыр.

Шекті және соңғы бағаларды бақылаудың қолданыстағы тетігі бағаның өсуінің көптеген жағдайларына жедел дең қою мүмкіндігінің болмауына байланысты өз мақсаттарына жете алмайды.

Бұл ретте фискалдық бақылау және әлуettі органдардың қатысуымен өнірлік комиссиялардың өнімсіз делдалдарды болдырмау және сауда заңнамасының талаптарын сақтау жөніндегі жұмысы жалғасуда, оның ішінде 15 %-дық сауда үстемдіктерінің сақталуын және сауда желілерінің ӘМАТ тауарларын өткізу кезінде ретро-бонустар алуына тыйым салуды сақтауын бақылауды күштейтілуде.

Атаулы әлеуметтік көмек алушылар үшін атаулы тауарлық таргеттеу және отандық тауар өндірушілер үшін қарасты міндеттемелер қою есебінен арзандатылған ӘМАТ сатып алу мүмкіндігі берілетін болады.

Тиісті жұмыс пилоттық жобалар шеңберінде басталды. Атап айтқанда, атаулы әлеуметтік көмек алушыларға «Әлеуметтік әмиян» жобасы арқылы цифрлық азық-түлік ваучерлерін ұсыну көзделіп отыр.

Бұдан басқа, 2023-2025 жылдарға арналған Тауарларды қадағалаудың ұлттық жүйесін енгізу жөніндегі Жол картасы (*бұдан әрі – Жол картасы*) бекітілді.

Жол картасы жоспарының тармақтарын орындау үшін 2023 жылы пилоттық режимде өнірлік ӘКК бағаларын тұрақтандыру тетіктерін іске асыру шарттарын цифрландыруға мүмкіндік беретін Тауарларды қадағалаудың ұлттық жүйесі (*бұдан әрі – ТҚҰЖ*) платформасы іске қосылды.

ТҚҰЖ платформасының жұмыс істеуі шеңберінде өнірлік ӘКК қадағалауды қамтамасыз ету үшін кәсіпкерлік субъектілерімен бірлесіп, жасасқан шарттарды цифрландыруы және тауарларды жіберуге арналған жук құжатын ресімдеуді қамтамасыз етуі қажет екенін атап өткен жөн.

Тауарларды қалыптастыру және өткізу жөніндегі ақпаратты жедел өзектендіру бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың және осы мақсаттар үшін бөлінген бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігін талдауға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, мемлекеттік органдар мүдделі ұйымдардың кооперативтік дүкендер құру жөніндегі ұсыныстарын қарап, басқа елдердің тәжірибесін зерделеуде.

Қолданыстағы заңнама шеңберінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалардың кооператив дүкенін құруға мүмкіндігі бар (*KР Кәсіпкерлік Кодексінің 23-бабы*).

Мемлекеттік қолдау шараларын көрсету, оның ішінде кооперативтік

дүкендерді қолдау тетігін өзірлеу жөніндегі мәселесі тиісті нормативтік құқықтық актілерде пысықталатын болады.

Жалпы, бұл салада инвестициялық пай қорларын құру мәселесі егжей-тегжейлі зерделеуді қажет етеді.

Бұл ретте, ең алдымен халықтың қаржысының сақталымы мен қайтарылмын қамтамасыз ету мәселесі өте маңызды.

**Н. Байбазаров**

*Орын: Б.Балғабаев  
тел:74-51-29*